

«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2025 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері¹ (бұдан әрі – ЗА) 22 278,12 млрд.² теңгені құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен құрылған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	01.01.2025 жылға ағымдағы құны	01.01.2025 жылға үлесі	01.03.2025 жылға ағымдағы құны	01.03.2025 жылға үлесі	млрд. теңге Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	9 317,68	41,57%	9 278,12	41,65%	-0,42%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	16,12	0,07%	25,29	0,11%	56,91%
ХҚҰ	283,73	1,27%	299,98	1,35%	5,73%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	12,20	0,05%	11,48	0,05%	-5,90%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	1 982,17	8,84%	1 944,22	8,73%	-1,91%
ҚР ЕДБ облигациялары	960,30	4,28%	776,15	3,48%	-19,18%
PPN (құрылымдық ноттар)	8,64	0,04%	8,30	0,04%	-3,94%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары	378,64	1,69%	367,28	1,65%	-3,00%
ҚРҰБ депозиттері	696,91	3,11%	1 041,35	4,67%	49,42%
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	2,63	0,01%	2,17	0,01%	-17,21%
РЕПО операциялары	16,01	0,07%	109,60	0,49%	584,72%
Басқа активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар)	0,02	0,00%	0,00	0,00%	-100,00%
Активтерді индекстік басқару, оның ішінде:	8 739,96	38,99%	8 414,17	37,77%	-3,73%
дамыған елдердің активтері	2 571,58	11,47%	2 483,20	11,15%	-3,44%
дамушы елдердің активтері	1 367,36	6,10%	1 326,62	5,95%	-2,98%
сыртқы басқарудағы активтер	4 801,02	21,42%	4 604,35	20,67%	-4,10%
дамушы елдер облигацияларының мандаты бойынша:					
Aviva Investors Global Services Limited	268,05	1,20%	251,76	1,13%	-6,08%
TCW Asset Management Company LLC	131,38	0,59%	173,18	0,78%	31,82%
PIMCO Asia Pte Ltd	231,00	1,03%	216,94	0,97%	-6,09%
ғаламдық акциялар мандаты бойынша:					
Invesco Asset Management Deutschland GmbH	355,97	1,59%	342,78	1,54%	-3,71%
HSBC Global Asset Management (UK) Limited	574,47	2,56%	544,75	2,45%	-5,17%
UBS Asset Management (UK) Ltd	454,12	2,03%	434,65	1,95%	-4,29%
Blackrock Financial Management	402,40	1,80%	386,17	1,73%	-4,03%

¹ Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған

² зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда

BlackRock Investment Management	233,72	1,04%	223,93	1,01%	-4,19%
Robeco Institutional Asset Management B.V.	361,95	1,61%	347,59	1,56%	-3,97%
инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар мандаты бойынша:					
Principal Global Investors (Europe) Limited	613,03	2,73%	577,01	2,59%	-5,87%
PGIM Limited	622,99	2,78%	585,66	2,63%	-5,99%
PIMCO Asia Pte Ltd	551,94	2,46%	519,92	2,33%	-5,80%
ҚРҰБ басқаруындағы ЗА жиынтығы	22 415,00	100,00%	22 278,12	100,00%	-0,61%
Зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақша	75,49		37,16		
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	22 490,49		22 315,28		

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік (YTM) 01.03.2025 жылғы жағдай бойынша жылдық 10,61% құрады, оның ішінде теңгеге номинирленген – жылдық 12,15%, шетелдік валютада – жылдық 4,94%.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есептік күндегі ағымдағы құны 9 278,12 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 41,65% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 14,11% құрайтын номиналды құны бойынша 370,60 млрд.теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды, сондай-ақ 176,5 млрд.теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ өтелді. Есептік айда ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатылған жоқ.

Есептік күнге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 12,07% құрады.

Өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары

Есептік ай үшін өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны 9,00 млрд. теңгеге ұлғайды және 25,29 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,11% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 4,30% құрайтын 10,05 млрд. теңге көлемінде АҚШ МБҚ сатып алынды.

Есептік айда шетелдік мемлекеттердің МБҚ сатылмады және өтелмеді.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары

Есептік айда халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 15,58 млрд. теңгеге ұлғайды және 299,98 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,35% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде TONIA индексіне тең кірістілікпен жалпы 15,50 млрд.теңге көлемінде Еуропалық қайта құру және даму банкінің облигациялары сатып алынды.

Есептік айда халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сатылмады және өтелмеді.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген сыйақының белгіленген мөлшерлемесімен жылдық 12,22%, сыйақының индекстелген мөлшерлемесі – инфляция және сыйлықақы құрады.

ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер

Есептік күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 1 041,35 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 4,67%.

Есептік айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында зейнетақы активтері бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 14,97% орташа алынған кірістілікпен 252,96 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 11,48 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,05% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде эмиссия проспектісі талаптарына сай 502,48 млн.теңге көлемінде «СевКазЭнерго» АҚ облигацияларының бөлігі сатылды. ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары өтелмеді және сатып алынбады.

Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары

Есептік айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының ағымдағы құны 18,16 млрд. теңгеге азайды және 1 944,22 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 8,73% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың бағалы қағаздары сатып алынбады және сатылған жоқ. Есептік айда 9,67 млрд.теңге көлемінде «Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигациялары өтелді.

Есептік күнге ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген жылдық 11,13%, АҚШ долларына – жылдық 5,49% құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары

Есептік айда ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 180,55 млрд.теңгеге азайды және 776,15 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 3,48% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 13,61% құрайтын номиналды құны бойынша 6,4 млрд.теңге көлемінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ облигациялары сатып алынды. ҚР ЕДБ бағалы қағаздары сатылған жоқ. Есептік айда 131,65 млрд.теңге көлемінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ облигациялары өтелді.

Есептік күнге ҚР ЕДБ облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 12,08% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттары)

Есептік айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) ағымдағы құны 8,30 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,04% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатылмады, өтелмеді және сатып алынбады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есептік айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 14,90 млрд. теңгеге азайды және 367,28 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,65% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынбады және сатылмады.

Валюталық портфельдің активтерін индекстік басқару

Активтерді индекстік басқару инвестордың стратегиялық мүдделерін көрсететін бағалы қағаздар жиынтығы болып табылатын эталондық портфельге қатысты инвестициялар портфелін қалыптастыруды көздейді. Эталондық портфельдің кірістілігі инвестициялар портфелін басқарудың тиімділігін бағалау кезінде шара ретінде қызмет етеді. Эталондық портфель ретінде жетекші әлемдік қаржы компаниялары немесе ҚРҰБ әзірлеген және қадағалайтын индекстер пайдаланылады.

Валюта портфелінің стратегиялық бөлінуіне сәйкес активтерді индекстік басқару дамыған елдер облигацияларының субпортфеліне, дамушы елдер облигацияларының субпортфеліне, корпоративтік облигациялардың субпортфеліне және акциялардың субпортфеліне қатысты қолданылады.

Активтерді индекстік басқаруды ҚРҰБ дербес, сондай-ақ шетелдік басқарушы компанияларды тарта отырып жүзеге асырады. ҚРҰБ дамыған елдердің субпортфелін және дамушы елдердің облигациялар субпортфелінің бір бөлігін индекстік басқаруды жүзеге асырады.

2025 жылғы 1 наурызға ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА валюталық портфелінің аллокациясы 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. 01.03.2025 ж. БЖЗҚ ЗА валюталық портфелін стратегиялық бөлу

Субпортфель	Нысаналы мәні (рұқсат етілген ауытқу)	Құны, млн. АҚШ долларымен	Құны, млрд. теңгеммен	Валюталық портфельден үлесі, %	БЖЗҚ ЗА үлесі, %
Дамыған елдердің облигациялары	30% (±10%)	4 974,16	2 483,20	28,59%	11,15%
Дамушы елдердің облигациялары	25% (±10%)	3 943,14	1 968,50	22,67%	8,84%
Корпоративтік облигациялар	20% (±10%)	3 370,44	1 682,59	19,37%	7,55%
Акциялар	25% (-17%/+10%)	4 566,89	2 279,88	26,25%	10,23%
Өтімділік	0% (+40%)	541,96	270,56	3,12%	1,21%
Валюталық портфель жиыны		17 396,59	8 684,73	100,00%	38,98%

Дамыған елдер облигацияларының субпортфелі

Есептік айда дамыған елдер облигациялары субпортфелінің ағымдағы құны 67,00 млрд.теңгеге азайды және 2 483,20 млрд.теңгені құрады. БЖЗҚ ЗА портфеліндегі дамыған елдердің облигацияларының субпортфель үлесі 11,15%.

Дамыған елдер облигацияларының субпортфелі үшін АҚШ долларына номиналданған 10 жылға дейін өтеу мерзімімен АҚШ мемлекеттік бағалы қағаздарынан тұратын Custom Index (G502) индекс эталон портфель болып табылады. 2025 жылғы 1 наурызда аталған индекстің құрамына облигациялардың 203 шығарылымы кіреді.

Дамушы елдер облигацияларының субпортфелі

Есептік айда дамушы елдер облигациялары субпортфелінің ағымдағы құны 46,62 млрд.теңгеге азайды және 1 968,50 млрд.теңгені құрады. БЖЗҚ ЗА портфелінде дамушы елдердің облигацияларының субпортфель үлесі 8,84%.

Дамушы елдер облигацияларының субпортфелі үшін эмитенттері «ВВ» төмен емес рейтингі бағасы бар дамушы елдер болып табылатын, АҚШ долларына номиналданған облигацияларынан тұратын Custom Index (Q979) индекс эталон портфель болып табылады. 2025 жылғы 1 наурызда аталған индекстің құрамына 29 дамушы елдер шығарған АҚШ долларына номиналданған облигациялардың 430 шығарылымы кіреді.

Корпоративтік облигациялардың субпортфелі

Есептік айда корпоративтік облигациялары субпортфелінің ағымдағы құны 53,69 млрд.теңгеге азайды және 1 682,59 млрд.теңгені құрады. БЖЗҚ ЗА портфелінде корпоративтік облигациялардың субпортфель үлесі 7,55%.

Корпоративтік облигацияларының субпортфелі үшін эмитенттері «ВВВ» төмен емес рейтингі бағасы және жоғары капитализациямен дамыған және дамушы елдердің резиденттері болып табылатын, АҚШ долларына номиналданған корпоративтік бағалы қағаздардан тұратын Custom Index (Q980) индекс эталон портфель болып табылады. 2025 жылғы 1 наурызда аталған индекстің құрамына 1328 эмитент шығарған облигациялардың 7 544 шығарылымы кіреді.

Акциялардың субпортфелі

Есептік айда акциялардың субпортфелінің ағымдағы құны 5,05 млрд.теңгеге азайды және 2 279,88 млрд.теңгені құрады. БЖЗҚ ЗА портфелінде акциялардың субпортфель үлесі 10,23%.

Акциялардың субпортфелі үшін әлемнің дамыған елдері компанияларының акцияларынан тұратын Custom MSCI World Index индекс эталон портфель болып табылады. 2025 жылғы 1 наурызда аталған индекстің құрамына 23 дамыған елдерге жататын жоғары және орташа капитализациясымен компаниялардың 1 352 акциясы кіреді. Индекстің 75,9% көлеміндегі негізгі үлесін АҚШ компанияларының акциялары иеленеді. Индекске Жапония, Ұлыбритания, Франция, Канада сынды елдердің акциялары және басқалары кіреді.

Валюталық құрылым

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 3-кестеде келтірілген.

Есептік кезеңде АҚШ доллары сатып алынбады.

3-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Валюта	<i>млрд. теңге</i>				
	01.01.2024 жылға ағымдағы құны	01.01.2024 жылға үлесі	01.03.2025 ж. ағымдағы құны	01.03.2025 ж. үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
Ұлттық валюта	13 400,82	59,79%	13 593,39	61,02%	1,44%
АҚШ доллары	9 013,29	40,21%	8 683,69	38,98%	-3,66%
Басқа валюталар	0,88	0,00%	1,03	0,00%	17,55%
Жиыны:	22 415,00	100,00%	22 278,12	100,00%	-0,61%

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 2025 жылдың басынан бастап есептелген инвестициялық кіріс мөлшері (-)370,56 млрд. теңгені құрады. 2025 жылдың басынан бастап салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі (-)1,64% құрады.

Ағымдағы жылдың басынан бастап теріс инвестициялық кірістің негізгі себептері:

1) теңгенің АҚШ долларына қаңтарда 525,11 теңгеден 518,14 теңгеге дейін және ақпанда 518,14 теңгеден 499,22 теңгеге дейін нығаюы салдарынан бағамдық қайта бағалауы;

2) инфляция мен инфляциялық күтулердің өсуі, сондай-ақ ҚРҚМ тарапынан осы бағалы қағаздар ұсынысының артуы аясында олардың кірістілігінің ұлғаюына байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының нарықтық құнының төмендеуі.

Бұл ретте ақпан айында шетел нарықтарында сатып алынған активтердің нарықтық құнының өсуі байқалды, бұл портфельдің кірістілігіне оң әсер етті.


Зейнетақы активтерінің жекелеген қысқа мерзімді кезеңдер үшін кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші болып табылмайтынын атап өту маңызды, өйткені қаржы құралдары және қысқа мерзім ішінде есептелген басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдары құнының ауытқуын үнемі жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды кем дегенде бір жыл ішінде жасаған жөн.

Кірістіліктің қысқа мерзімді ауытқуларына қарамастан 2024 жылдың наурызынан бастап 2025 жылдың ақпанына дейінгі соңғы 12 ай ішінде есептелген инвестициялық кіріс мөлшері шамамен 2,7 трлн.теңгені құрады, аталған кезең үшін кірістілік инфляция 9,4% болғанда 13,74% құрады.

2025 жылғы ақпанда нарықта инфляцияның баяулауы және еңбек нарығының салқындауы, сондай-ақ АҚШ Президентінің тарифтерді енгізу қаупіне байланысты экономиканың баяулау тәуекелдерінің артуы аясында құбылмалылықтың өсуі байқалды. Бұл ретте базалық мөлшерлемені 2025 жылдың соңына дейін 2 ден 3 есеге дейін төмендетуге қатысты нарық күтулері өсті. АҚШ-та инфляцияның динамикасы қаңтардағы жылдық 3,0%-ға қарсы ақпанда жылдық 2,8%-ға төмендегенін көрсетті, бұл ретте айлық инфляция 0,5%-дан 0,2%-ға дейін баяулады. Ақпанда ауылшаруашылық емес секторда жұмыс орындарының саны 151 жұмыс орындарына дейін азайды, сондай-ақ жұмыссыздық деңгейі қаңтарда 4,0%-дан ақпанда 4,1%-ға дейін артты.

Нәтижесінде АҚШ-тың эталондық 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі қаңтарда 33 базалық тармаққа төмендеді. Дамушы елдердің облигациялары бойынша спредтер 13 базалық тармаққа, ал корпоративтік облигациялар бойынша спредтер 8 базалық тармаққа кеңейді. MSCI World акцияларының индексі 0,87%-ға шамалы төмендеуді көрсетті.

Ақпанда ҚР МБҚ орналастыру бойынша аукциондарда барлық қисықтың бойында кірістіліктің жоғарылауы байқалды. Инфляция жылдық 9,4%-ға (қаңтарда 8,9%) дейін немесе ақпан үшін 1,5%-ға (қаңтарда 1,1%) жылдамдады. ҚР МБҚ аукциондарында сұраныс ұсыныстан асып түсті. Негізгі сұраныс қысқа мерзімді ҚР МБҚ орналастыруға шоғырланған болатын. Сонымен бірге, ҚР ҚМ қаңтарда 323 млрд.теңгеден ақпанда 595 млрд.теңгеге дейін қарыз алу көлемін арттырды.



Көрсетілген кезеңге есептелген инвестициялық кіріс құрылымы 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық кіріс құрылымы
млрд. теңге

Атауы	2025 жыл үшін инвестициялық кіріс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі және бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен кірістер	281,71
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан кірістер (шығындар)	-260,40
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан кірістер (шығындар)	-197,98
Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер (шығындар)	-196,66
Басқа кірістер (шығындар)	2,77
Жиыны:	-370,56

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының³ талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды. 2025 жылғы 01 наурыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы мәліметтер 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте. БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайыздарбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
	КЗТ ақшалай қаражаты	0,00%	иә
	Шетелдік валютадағы ақшалай қаражат	0,97%	иә
1	Қазақстандық қаржы құралдары:	59,49%	
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	41,65%	иә
1.1.1	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0,00%	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	4,67%	иә
1.3	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары	9,93%	иә
1.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары, оның ішінде:	2,94%	иә
1)	реттелген борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар	2,85%	иә
2)	үлестік бағалы қағаздар	0,09%	иә
3)	депозиттер	0,00%	иә
1.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	0,00%	иә
1.5.1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі және/немесе кепілдемесімен шығарылған мемлекеттік емес борышты бағалы қағаздары	0,00%	иә
1.6	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасы Екінші деңгейдегі банктерінің инвестициялау сәтіндегі Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізімінің "Премиум" санатына кіретін немесе оған ұқсас не нарықтық капиталдандырылуы үш триллион АҚШ долларынан асатын әлемдік қор биржаларында листингі бар үлестік емес үлестік бағалы қағаздарды қоспағанда, мемлекеттік емес үлестік бағалы қағаздар	0,30%	иә

³ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы

1.7	Қазақстан Республикасы қор биржасының және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы ресми тізіміне енгізілген исламдық қаржыландыру құралдары	0,00%	иә
1.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтердің (ABS) кепіліне бағалы қағаздар	0,00%	иә
2	Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналымда жүрген құралдар:	37,78%	иә
2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының мемлекеттік, агенттік және бағалы қағаздары	19,79%	иә
2.2	Мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарға инвестициялау аясындағы муниципалды бағалы қағаздар	0,00%	иә
2.3	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	7,78%	иә
2.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтері (ABS) кепілдігіне бағалы қағаздар	0,00%	иә
2.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялау аясында конвертацияланатын бағалы қағаздар	0,00%	иә
2.6	Акциялар, акцияларға депозитарлық колхаттар	10,18%	иә
2.7	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар)	0,00%	иә
2.8	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер	0,04%	иә
2.9	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ислам қаржыландыру құралдары	0,43%	иә

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (3А жалпы көлемінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Туынды қаржы құралдары, олардың ішінде:	0,00%	иә
1.1	Инвестициялық тәуекелді хеджирлеу мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1.2	Инвестициялау мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1.3	Құймадағы және металл шоттардағы алтын	0,00%	иә

6-кесте. Валюталық портфельді басқару бойынша БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын сақтауы туралы ақпарат

Субпортфель	Нақты мәні (валюта портфелінің пайызымен)	Субпортфельден сыртқы басқару үлесі	Мандат	Акция субпортфелінен үлес	Орындауы (иә/жоқ)
Дамыған елдердің облигациялары	28,59%	-			иә
Дамушы елдердің облигациялары	22,67%	32,61%			иә
Корпоративтік облигациялар	19,37%	100,00%			иә
Акциялар	26,25%	100,00%	Пассив басқару, оның ішінде:	52,78%	иә
			<i>ESG</i>	9,47%	иә
			<i>quality</i>	9,91%	иә
			<i>min.vol</i>	4,52%	иә
			<i>classic</i>	28,89%	иә
Актив басқару			47,22%	иә	

Өтімділік	3,12%	-			иә
Валюталық портфель жиыны	100,00%				иә

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

7-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Номинал құны теңгемен
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	370 596 700 000
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	KZT	АҚШ Үкіметі	10 049 400 000
ЕДБ облигациялары	KZT	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	6 400 000 000
ХҚҰ облигациялары	KZT	Еуропалық қайта құру және даму банкі	15 500 000 000
Жиыны			402 546 100 000

8-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сату бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Мәміле сомасы теңгемен
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	KZT	«СевКазЭнерго» АҚ	502 482 639
Жиыны			502 482 639

9-кесте. Есептік айда бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаздар эмитенті	Өтеу сомасы теңгемен
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	176 500 000 000
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	KZT	«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	9 673 077 236
ЕДБ облигациялары	KZT	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	131 651 750 000
Жиыны			317 824 827 236